



**Қазақстан Республикасы Президентінің "Тың және тыңайған жерлерді игеру басталуының 50 жылдығын құрметпен атап өтуге арналған мерекелік медаль туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 46 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Тың және тыңайған жерлерді игеру басталуының 50 жылдығын құрметпен атап өтуге арналған мерекелік медаль туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жарлығы**

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
"Тың және тыңайған жерлерді  
игеру басталуының 50 жылдығын құрметпен атап өтуге  
арналған мерекелік медаль туралы" Жарлығы**

Республикада тың және тыңайған жерлерді игеруге және ауыл шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтарды көтермелеу, сондай-ақ тың және тыңайған жерлерді игеру басталуының 50 жылдығын құрметпен атап өту мақсатында қаулы етемін:

1. "Тыңға 50 жыл" мерекелік медалі тағайындалсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) "Тыңға 50 жыл" мерекелік медалі туралы ереже;

2) "Тыңға 50 жыл" мерекелік медалінің сипаттамасы бекітілсін.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

Қазақстан Республикасы Президентінің

2004 жылғы " \_ " \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_

N \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

## "Тыңға 50 жыл" мерекелік медалі туралы ереже

1. "Тыңға 50 жыл" мерекелік медалімен (бұдан әрі - мерекелік медаль) республикада тың және тыңайған жерлерді игеруге және ауыл шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік а з а м а т т а р н а г р а д т а л а д ы .

2. Мерекелік медальмен наградтауға ұсынысты Қазақстан Республикасының Парламенті, Үкіметі, министрліктері, өзге де орталық мемлекеттік органдары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар Қазақстан Республикасының Президентіне енгізеді.

3. Мерекелік медальді Қазақстан Республикасының Президенті тапсырады.

Мерекелік медальді Қазақстан Республикасы Президентінің атынан және т а п с ы р м а с ы б о й ы н ш а :

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері;

3) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, сондай-ақ мемлекет басшысы осыған өкілеттік берген өзге де лауазымды адамдар тапсыра алады.

4. Мерекелік медальді тапсыру салтанатты жағдайда және жария жүзеге асырылады . Ол наградталған адамның жеке өзіне тапсырылады. Тапсыру алдында Қазақстан Республикасы Президентінің наградтау туралы Жарлығы жария етіледі.

5. Мерекелік медальдің тапсырылғандығы туралы белгіленген нысанда хаттама жасалады. Ол медальді тапсырған адамның қолымен және тапсыруды жүргізген органның мөрімен бекітіледі және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ж о л д а н а д ы .

6. Мерекелік медаль кеуденің сол жақ өңіріне тағылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары бар болса олардан кейін орналасады.

7. Әрбір наградталған адамға мерекелік медаль тапсырумен бір мезгілде тиісті к у ә л і к б е р і л е д і .

8. Жүргізілген наградтаулардың есебін, сондай-ақ мерекелік медальдерді тапсыру барысы туралы есеп беруді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүргізеді.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

" \_ \_ " \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_

№ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_ \_

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

## **"Тыңға 50 жыл"**

### **мерекелік медалінің сипаттамасы**

"Тыңға 50 жыл" мерекелік медалі жезден дайындалады және диаметрі 34 мм шеңбер пішінді болады. Медальдің алдыңғы бетінде көтерілген күн мен егін аясында астық жинап жатқан комбайндар бейнеленген, оң және сол жақтарында айнала б и д а й д ы ң м а с а қ т а р ы .

Медальдің сыртқы бетінде ортада мемлекеттік және орыс тілдерінде:

"Қазақстан Республикасы "Тыңға 50 жыл"

Республика Казахстан "50 лет целине" деген жазу орналасқан. Медальдің төменгі бөлігінде айнала лавр бұтақтары орналасқан.

Медальдағы барлық бейнелер, жазулар айқын, алтын түсті. Медаль шеттері е р н е у м е н ж и е к т е л г е н .

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы түстес муар лентасымен тартылған ені 34 мм және биіктігі 50 мм бес бұрышты тағанға жалғасады. Лентаның жағалай шеттерінде сары және жасыл түсті екі жолақ бар .